

2025 жылға мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есеп

1. Жалпы ережелер

1) *Қызмет көрсетушілер туралы мәліметтер:* «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Қаракөл ауылының негізгі орта білім беретін мектебі» КММ, Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Қаракөл ауылы, Әл-Фараби көшесі 25.

2) *Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат:*

«Қаракөл ауылының НОМ» КММ білім беру саласында 10 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

2025 жылы «Қаракөл ауылының НОМ» КММ 2 қызмет көрсетілді:

- электрондық үкімет порталы арқылы - 2 мемлекеттік қызмет;
- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы - 0 мемлекеттік қызмет;
- көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы - 0 мемлекеттік қызмет;
- электрондық түрде көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелері арқылы - 0 мемлекеттік қызмет.

3) *Неғұрлым талап етілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат:*

Білім беру саласындағы неғұрлым талап етілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер:

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау»;

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар және оқуға қабылдау».

2. Қызмет алушылармен жұмыс:

1) *Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.*

Көрсетілетін қызметті алушылар үшін барлық қажетті ақпарат ресми интернет-ресурста орналастырылған. Көрсетілетін қызметті алушылар үшін барлық қажетті ақпарат ресми интернет ресурста орналастырылған <http://sc0020.astrahanka.aqmoedu.kz> «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен ережелері орналастырылған. Сондай-ақ, ақпараттық стендтерде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен ережелері орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жұмыс істейді.

2) *Мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер және басқалар)*

«Қаракөл ауылының НОМ» КММ-де мемлекеттік қызмет көрсету бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен және қажетті компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген 2 қызметкер мемлекеттік қызмет көрсетеді.

2025 жылы «Қаракөл ауылының НОМ» КММ 12 түсіндіру іс-шарасын өткізді, оның ішінде ресми интернет-беттердегі 8 жарияланым, 4 тікелей эфир.

Ай сайын халықты БАҚ, көрсетілетін қызметті берушілердің интернет – ресурстары арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы хабардар ету бойынша жұмыс жүргізіледі.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін жетілдіру жөніндегі қызмет.

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету және Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында облыстағы барлық мектепке дейінгі орта, арнайы білім беру ұйымдары бірыңғай ақпараттық жүйеде жұмыс істейді Ақмола.kz. Жүйеде 1 автоматтандырылған мемлекеттік қызмет іске асырылуда.

Сондай-ақ, 2020 жылдан бастап барлық білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ҚР БҒМ ММ АЖО жүйесі жұмыс істейді, онда 5 мемлекеттік қызмет қолжетімді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат.

2025 жылы мемлекеттік қызмет көрсету туралы шағымдар түскен жоқ.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің одан әрі тиімділігін және оның сапасына қымбат алушылардың қанағаттануын арттыру

Мемлекеттік қызметтер көрсету тиімділігін және қызмет алушылардың қанағаттану деңгейін арттыру мақсатында келесі міндеттер қойылды:

- Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын қатаң сақтау;
- мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларының қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- электрондық үкімет порталы арқылы жүгінулер үлесін арттыру;
- қызметкерлердің біліктілігін арттыру.

Мектеп директоры:



Г. Габдуллина